

ПЛОДОРОДИЕ ПОЧВ

ГРНТИ 68.05.29:68.31.21

DOI: [10.51886/1999-740X.2023.1.15](https://doi.org/10.51886/1999-740X.2023.1.15)

Ж.М. Сманов^{1*}, А.И. Сулейменова¹, М.Н. Пошанов¹, С.Н. Дүйсеков¹,
А.С. Вырахманова¹

**«АЗИА АГРО ГРУПП» АӨК МЫСАЛЫНДА СУАРМАЛЫ ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ
МЕЛИОРАТИВТІК ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**

*¹Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия ғылыми
зерттеу институты, 050060, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 75 В, Қазақстан,
e-mail: zhassulan.smanov1307@gmail.com

Аннотация. Құрғақ және жартылай құрғақ аймақтардағы, соның ішінде Қазақстанның оңтүстік бөлігінде орналасқан Сырдария өзені бассейнінің суармалы алқаптарын қоса алғанда, топырақтың шамадан тыс тұздануы салдарынан «тастанды» немесе жәй ғана «тыңайған» жерлер санатына жатқызылған алқаптарының көлемі ұлғайып, нәтижесінде күрделі әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер күннен күнге артуда. Қазіргі таңда суармалы егін алқаптарының мелиоративтік жағдайының нашарлауы салдарынан Қазақстанның оңтүстігіндегі төрт облыстың 1,55 млн га суармалы жердің 236,9 мың га немесе 15,2 % қолданыстан шығып қалған. Осыған байланысты бірінші кезекте тұздану мәселесін шешу жолдарын және оның кеңістікте таралуын анықтауда экономикалық тиімділігі жоғары, сонымен қатар уақытты ұтымды пайдалану үшін ГАЖ әдістерін қолдана оырып зерттеу өте маңызды. Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты «Азия Агро Групп» АӨК суармалы топырақтарының қазіргі мелиоративтік жағдайын бағалауда топырақтың тұздану дәрежесін, сондай-ақ кеңістікте таралуын анықтау үшін далалық зерттеу жұмыстарын жүргізу және кері қашықтық салмағы (IDW) мен қарапайым кригинг (ОК) интерполяция әдістері арасында салыстыру жұмыстарын жүргізіп дәлдігі жоғары болған интерполяция әдісі арқылы топырақтың тұздану картасын құрастыру. Осы мақсатта 300 га суармалы егін алқабына бір метр тереңдікте 0-20 см, 20-50 см және 50-100 см қабаттарынан алынған топырақ үлгілерінің химиялық құрамы бойынша топырақтың су сүзіндісін талдау нәтижесінде алған иондар мен катиондарды, тұздану соммасы және натрийдің адсорбциялық коэффициентін (SAR) жан-жақты талқылайтын, иондардың уыттылық шегін көрсететін статистикалық талдау әдістері көрсетілді. Содан кейін, далалық зерттеу нәтижесінде алынған топырақтың тұздылығы туралы өңделген мәліметтерді пайдалана отырып, IDW және ОК интерполяциясы арқылы әрбір қабаттың тұзданған топырақтарының контуры анықталып, тұздану карталары жасалды. Аталған екі интерполяцияны қолдану барысында IDW іріктелген нүктелердің мәндерін картаға түсіруде толық қамтып, ОК интерполяциясына қарағанда тұздану дәрежелерінің контурларын толық көрсетті. Нәтижесінде топырақтың 0-20 см қабатында 224 га тұзданбаған, әлсіз тұзданған – 66 га, орташа тұзданған – 10 га және 20-50 см қабаттарының мәндері осыған ұқсас. Ал төменгі 50-100 см қабаттарында тұзданбаған – 100 га, әлсіз тұзданған – 54 га, орташа тұзданған 92 га және күшті тұзданған – 54 га, өте күшті тұзданған топырақ анықталмаған.

Түйінді сөздер: тұзданған топырақтар, суармалы алқап, тұздану соммасы, интерполяция, кері қашықтық салмағы, қарапайым кригинг, натрийдің адсорбциялық коэффициенті.

КІРІСПЕ

Құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарда топырақтың тұздануы, дегра-
дация процесінің негізгі және ең көп
тараған түрі болып табылады [1], оның

қоршаған ортаға және егістік алқапта-
рының өнімділігіне теріс әсер етуіне
байланысты әлуметтік және экономи-
калық салдары бар [2]. Топырақтың
тұздануы табиғи жолмен немесе егін

алқаптарын нашар басқарудың нәтижесінде адам әрекетінен болуы мүмкін және топырақтағы тұздардың кеңістікте сонымен қатар топырақ қабаттарындағы мезгілдік өзгермелілігі жергілікті жер бедері, қатал климаттық жағдайымен топырақтың ерекшеліктеріне, суару және жер асты суларының сапасына байланысты [3, 4]. Суармалы егін алқаптары топырақтарының бірінші және екінші реттік тұздануының күшеюіне байланысты бұл процесс әлемнің әртүрлі аймақтарында, Қазақстан Республикасын қоса алғанда бұл жағдайдың күрделі мәселеге айналып отырғаны бірнеше рет құжатталған [5]. Дүние жүзіндегі топырағы шамадан тыс тұзданған суармалы егін алқаптарының 25 %-да егіннің өнімділігі төмендеген [6], ал Республиканың жалпы ауылшаруашылығы алқаптарының 43 % тұзданған деп есептелген [7].

Суармалы егін алқаптардың басым бөлігі Қазақстан Республикасының оңтүстігі, Сырдария өзені алабының ірі атраулары мен ежелгі аллювиалды жазықтарында орналасқан. Халық санының жылдам өсуі, антропогендік әсердің күшеюімен және климаттық ерекшеліктердің қосындысы осы аймақтағы суармалы топырақтардың тұздануының жоғарылауына және ластануына әкеліп соқтырады, нәтижесінде топырақтың сортаңдануы егін шаруашылығы мен аймақтық экожүйелер үшін негізгі тежеушіге айналды [8]. Қазіргі таңда республиканың суармалы алқаптарында олардың мелиоративтік жағдайының мәселесі күрт шиеленісе түсті, «пайдаланылмайтын», «тастанды» деп аталатын жерлер көлемі ұлғайды. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің мәліметтері бойынша қазіргі таңда республиканың оңтүстігіндегі төрт облысында 1,55 млн га суармалы жердің 236,9 мың га немесе 15,2 % пайдаланылмайды [9]. Сонымен қатар, жыл сайын пайдаланылатын жерлердің ішінде де оларды экстенсивті

пайдалану нәтижесінде гумустың, негізгі қоректік заттардың жоғалуы, топырақтың физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерінің нашарлауы нәтижесінде тұрақты төмен өнім беретін алқаптар жиі пайда бола бастады.

Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан Шәуілдір суармалы алқабын жүгері, мақта, жоңышқа және бау-бақша егістігіне қарқынды пайдаланылады, сондай-ақ маусымдық суару кезінде топырақты бастырып суару әдісін қолданылады. Нәтижесінде топырақтың тұздану дәрежесі әр түрлі болды және ол тереңдеген сайын арта түсетіні анықталды. Топырақтың мелиоративтік гипотезасы топырақта жиналған тұздардың концентрация деңгейі мен қазіргі егіннің жағдайы арасындағы тығыз байланысты көрсетті [10]. Аталған тыңайған «пайдаланылмайтын» топырағы бар жер учаскелері тозудың жоғарғы дәрежесіне жетіп, одан әрі пайдалану мүмкін емес екендігіне байланысты қарапайым тыңайған жерлер санатына ауыстырылды. Қазіргі таңда бұл аймақтарда бірте-бірте сортаңдар түзіліп, галофиттер өсіп, Арал теңізінің құрғаған табаны сияқты эолдық тұзды тасымалдау көздеріне айналууда.

Бүгінгі күні топырақ-мелиоративтік және топырақ-агрохимиялық зерттеулердің нәтижелері топырақ құнарлылығы деңгейіне шаруашылық қызметтің оң және теріс салдарын анықтауға мүмкіндік беретін негізгі бағалау көрсеткіштерінің бірі болып қала береді. Оларды жүзеге асыру топырақ құнарлылығы деңгейін өзгерту үрдістерінің бағытын анықтауға ғана емес, сонымен қатар әрбір нақты шаруашылықта топырақ құнарлығын тұрақтандыру және молайту шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді [11]. Топырақтың тұздылығын анықтауда, негізінен Na^+ , K^+ , Mg^{2+} , Ca^{2+} катиондарынан және Cl^- , HCO_3^{2-} , SO_4^{2-} аниондарынан тұратын концентрациялармен, сондай-ақ натрийдің топырақ қасиеттеріне әсері,

ерекше иондардың уыттылық шегі сияқты сипаттамаларды аналитикалық анықтауды қамтиды [12]. Олар натрий адсорбциялық коэффициенті (Sodium Adsorption Ratio (SAR)) сияқты индекстермен бірге жүреді [13].

Жергілікті зерттеулерге сүйенсек, суармалы топырақтың тұздануының дамуы мен негізгі көздері туралы мәліметтер бар болғанымен, оның көлемін сандық анықтау және кеңістікте таралуын картаға түсіру жетіспейді [14]. Топырақ қасиеттерін білу ауылшаруашылық жерлерінде, әсіресе шөлді оазистерде топырақ пен суды тиімді және тұрақты басқару үшін өте маңызды [15], және оларды картаға түсіру фермерлердің топырақты игеру кезінде туындаған мәселелерді оңтайлы шешу үшін қалай әрекет ете алатынын түсінуге мүмкіндік береді. Геоистатистика топырақ қасиеттерін немесе тұзды аймақтарды және олардың кеңістіктік-уақыттық өзгерістерін анықтау, бақылау және картаға түсірудің тиімді құралы болып саналады [16]. Көптеген жағдайларда үлкен масштабта жүргізілген далалық зерттеу жұмысы кезінде алынған топырақ үлгілерінің көрсеткіштері бойынша тақырыптық карта жасағанда «Кригинг» әдісі ең жақсы бағалаушы болып шықты, яғни қарапайым Кригинг (ordinary Kriging (OK)), ал басқа жағдайларда кері қашықтықты салмағы (inverse distance weighting (IDW)) немесе сплайнды (splines) қолайлы әдістер болып саналды [17]. Сырдария өзенінің ортаңғы ағысында орналасқан суармалы егін алқаптарының топырақтарын әртүрлі интерполяциялық әдістермен топырақтың тұздылығын картаға түсіруде кері қашықтық салмағына (IDW) негізделген әдісі дәл және таңдаулы болып табылады [18]. Сонымен қатар, топырақ ландшафтық талдауды қолданатын көптеген зерттеулер, оның топырақ қасиеттерінің кеңістікте таралуының өте жақсы көрсеткіші бола алатынын көрсетті [19-21].

Топырақ құнарлылығының деңгейін шектейтін факторларды білу және оларды жою бойынша ғылыми негізделген ұсыныстар ауылшаруашылық жерлерді тиімді басқаруға және экономикалық тиімділікті арттыруға тиісті оң шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Топырақтағы тұздардың кеңістікте таралуын тудыратын негізгі факторлардың бір-бірімен өзара әрекеттесуіне назар аударылған зерттеулер аз және бұл туралы ғылыми еңбектер жеткіліксіз [22]. Сондықтан суармалы егін алқаптарындағы шамадан тыс тұзданған топырақтарды «тастанды» немесе жәй ғана «тыңайған» жерлер санатына жатқызбай одан әрі деградациялануын болдырмау және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін кеңістік пен уақыт бойынша топырақтың тұздылығын анықтау, бақылау және картаға түсіру қажет [23].

Дегенмен, Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысында орналасқан суармалы алқаптарында топырақ қасиеттерінің кеңістіктік таралуы мен өзгермелілігі бойынша аз жұмыстар жүргізілді, сондықтан біз бұл зерттеуді Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан Шәуілдір суармалы алқабындағы «Азия Агро Групп» АӨК-де топырақ қасиеттерінің сапасын және топырақтың тұздануының қазіргі жағдайын бағалау, топырақ тұздарының кеңістікте таралуын көрсету үшін кеңістіктік интерполяцияның екі әдісін (IDW, OK) салыстыру және құрғақ, жартылай құрғақ аймақтардағы суармалы алқаптардың агрожүйесінің сақталуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін тұздылыққа қатысты негізгі мәселелерді анықтау.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу нысаны. «Азия Агро Групп» АӨК Қазақстанның оңтүстігіндегі Сырдария өзені алабында (өзеннің орта ағысының оң жағалауында) Шәуілдір суармалы алқабында орналасқан. Нақты зерттеу аймағы

Е68.76981248° ~ Е68.82461537° бойлық пен N42.73576099° ~ N42.75180308° ендік арасында шектелген (сурет 1). Жалпы зерттеу нысаны орналасқан Шәуілдір суармалы алқабы Сырдарияның көне аллювиалды жазығында орналасқан, рельефі сәл толқынды горизонталь бетімен бейнеленген. Топырақ жамылғысы ашық және кәдімгі сұр топырақ пен сұр-қоңыр шөл топырағының субзонасына сәйкес келеді [24]. Өсімдік жамылғысы нашар және монотонды флорамен сипатталады. Жылдық орташа температура 12-13°C, шілдеде орташа 28-30°C, қаңтарда 4-6°C. Жылы кезеңнің орташа ұзақтығы 280-300 күн, ал аязсыз кезең 170-190 күн. Атмосфералық жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 200-300 мм, олардың максималды көрсеткіші қыста және көктемде (жылдық мөлшерінің 80-85%). Өзендер әдетте желтоқсан айының басында қатады, мұз наурыз айына дейін сақталып, көбінесе көктемде Сырдария мен Арыс арнасынан асып, үлкен аумақты су басып қалады. Ауыл шаруашылығында астыққа арналған жүгері, жоңышқа суармалы жерлерде өсірілетін жетекші дақылдар, ал мақта соңғы жылдары іс жүзінде егілмеген. Суармалы судың негізгі көздері – Сырдария, Арыс және ішінара Шаян, Бөген өзендері. Суару жүйесі Арыс өзенінен басты су алатын магистральдық каналдан және су сорғы қондырғылары арқылы Сырдария өзенінен су алатын кішірек каналдардан тұрады. Суару жүйесі табиғи топыраққа төселген әртүрлі тәртіптегі ашық типті суару каналдарымен ұсынылған.

Зерттеу әдістері. Біз зерттеу нысаны ретінде Шәуілдір суармалы алқабында орналасқан бұрын қарқынды игеріліп, кейін арада 15-20 жылдай тастанды немесе тыңайған жерлер санатына еніп қалған жер учаскесін, «Азия Агро Групп» АӨК өз иелігіне алып қайта қолданысқа енгізген, әртүрлі дәрежеде тұзданған суармалы топырағын таңда-

дық. Зерттеу кезеңі ретінде 2017 жылы суармалы топыраққа, топырақ-мелиоративтік және топырақ-агрохимиялық зерттеу жүргізілген уақыт таңдалды. Осы зерттеудің негізінде алынған нәтижелері, топырақтың артық тұздануы дақылдың нашар және біркелкі емес өсуіне, сондай-ақ тұздану дәрежесі бойынша топырақтағы тұздардың мөлшері артқан сайын еккен егіннің өнімділігі де төмендейтінін көрсетті. Бұл топырақтардың әртүрлі дәрежедегі тұздануын бағалауға және топырақ тұздарының кеңістікте таралуын картаға түсіру үшін кеңістіктік интерполяцияның екі әдісін (IDW, OK) салыстыруға қызықты сынақ алаңын қамтамасыз етеді. Бүгінгі күнге дейін Сырдария бассейнінде орналасқан суармалы алқаптары топырақтарының тұздануы дәрежесі бойынша таралуы туралы жалпыға қолжетімді кеңістіктік ақпарат жоқ. Топырақтың тұздылығын және кеңістікте таралуын бағалау үшін топырақ-мелиоративтік және топырақ-агрохимиялық зерттеу нәтижелерінің негізінде кеңістіктік интерполяцияның тиімді деп танылған әдісіне сүйене отырып тақырыптық карталарды жасадық.

Далалық жұмыс кезінде топырақ үлгілерін алу және тұзды зерттеу «Топырақты зерттеу және жерді пайдаланудың ірі масштабты топырақ карталарын құрастыру жөніндегі Бүкілодақтық нұсқаулық» [25] және «Қазақ КСР-де кең ауқымды топырақ зерттеуін жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулар», ал агрохимиялық зерттеу «Ауыл шаруашылығы топырақтарына кешенді агрохимиялық зерттеу жүргізуге арналған әдістемелік құрал» бойынша жүргізілді. 2017 жылдың жазында сапалы картографиялау және топырақ тұздылығын тексеру мақсатында Шәуілдір суармалы алқабында орналасқан «Азия Агро Групп» АӨК жағдайын ескере отырып, классикалық нұсқауларға сәйкес жаз айында әрбір 5 га жерден 1 топырақ үлгісін, яғни таңдалған 54 нүктеден

1 метрге дейінгі тереңдіктен 0-20 см, 20-50 см және 50-100 см қабаттарына бөлініп топырақ үлгілері алынды [26].


Бұл қажетті топырақ деректерін жинау үшін, далалық зерттеу кезінде Garmin 62s қолмен ұсталатын жаһандық позициялау жүйесі (GPS) бойлық пен ендікті тіркеу үшін пайдаланылды, ал химиялық талдау үшін топырақ бұрғысымен әрбір нүктесінен 0-20 см, 20-50 см және 50-100 см қабаттарынан топырақ үлгілері алынды.

Топырақтың тұздануын бағалау үш көрсеткіш бойынша беріледі: тұздану химиясы, тұздану дәрежесі және тұздың уыттылық шегі. Тұзды топырақтардың химиясы аниондар мен катиондардың құрамымен анықталды. Ең алдымен, аниондар мен олардың топырақтың су сүзіндісіндегі қатынасының мәндері ескерілді [27-30]. Топырақтың су сүзіндісінің химиялық құрамы жалпы топырақ талдауы бойынша нұсқаулықта егжей-тегжейлі сипатталған әдіс бойынша анықталды [31]. ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі ұсынған стандартты аналитикалық процедураларға сәйкес, Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимия

ғылыми-зерттеу институтының зертханасында топырақ үлгілеріне химиялық талдау жүргізілді. Тұздылық индикаторының параметрлері Na^+ , K^+ , Mg^{2+} , Ca^{2+} катиондарының және CO_3^{2-} , HCO_3^- , Cl^- және SO_4^{2-} аниондарының құрамы жиналған топырақ үлгілері зертханада талданды [32]. Бұл көрсеткіштерді өлшеу суармалы егін алқаптарының топырағындағы тұздың деңгейін жеткілікті түрде көрсете алады. Бұл параметрлерді талдау үшін зертханалық талдау процедуралары қолданылды. Ал, SAR мәні мг-экв/л көрсетілген Na^+ , K^+ және Mg^{2+} концентрацияларын есептеу арқылы және төменде көрсетілген 1-теңдеу бойынша есептелді.

$$SAR = \frac{Na^+}{\sqrt{\frac{1}{2} (Ca^{2+} + Mg^{2+})}} \quad (1)$$

Деректердің статистикалық сипаттамасын алу үшін стандартты талдау жасалды, атап айтқанда, орташа, минимум және максимум, стандартты ауытқу, өзгеріс коэффициенті, асимметрия, эксцесс, үлгі дисперсиясы, медиана.



Сурет 1 – Шәуілдір суармалы алқабы және топырақ үлгілері алынған зерттеу нысаны

Бұл талдау деректердің қалыпты таралуын анықтау үшін және алдын ала болжалдық карталарды құрастыруда геостатистиканы қолданбас бұрын деректердің қалыптылығын бағалауда пайдаланылатын ең көп таралған статистикалық параметр болып табылады, талдау топырақтың су сүзіндісі нәтижесінің пайыздық көрсеткішпен берілген тұздану соммасына және SAR мәндеріне жасалды. Сонымен қатар уытты, негізгі еритін иондардың уыттылық шегін анықтап көрсетуде, жекелеген иондарды қорап сызбасы (boxplot) арқылы, медиана сызығы, үлгінің 50 % үлесі шоғырланған ауқымды көрсететін 25-75 % қорап, ауытқуларсыз ауқымды көрсететін шектік сызықтар және ауытқулар мен шектен тыс ауытқу мәндерін талдау негізінде толық сипаттама жасалды.

Топырақ тұздылығының кеңістіктік өзгермелілігін анықтау үшін IDW және ОК геостатистикалық әдістері қолданылды. Кері қашықтықты өлшеу (IDW) интерполяциясы геофизикалық кеңінен қолданылатын кеңістіктік болжау әдіс болып табылады [33]. Бұл құрал әрбір енгізу нүктесінен қашықтық артқан сайын мәндері азайып жергілікті жағдаймен байланыстырады және белгілі деректер нүктесі мәндерінің ортасын салмақтау арқылы белгісіз интерполяцияланған нүкте үшін болжау мәндерін есептейді.

Бұл әдісті жергілікті масштабта зерттеу жүргізілетін аумақты алып жатқан іріктеу нүктелерінің (топырақ үлгілері алынған нүктелер) таралуы жеткілікті болған жағдайда қолдануға болады. Ол алыста орналасқан болжам нүктесіне қатысты жақын нүктелерді салмақтау арқылы жүргізіледі. Тағы да бір кең тараған интерполяция әдісінің бірі қарапайым кригинг (ОК). Бұл әдіс жақын орналасқан және зерттеуге қол жетімді аймақтардан алынған іріктеу нүктелерінің міндерін талдау арқылы бақылау жүргізуге мүмкіндігі шектеулі не-

месе қолжетімсіз аймақтық айнымалылардың мәндерін интерполяциялауға арналған геостатистикалық әдістер тобына жатады [34].

Барлық деректерді өңдеу және талдау ArcGIS 10.4 бағдарламалық жиынтығымен, сондай-ақ статистикалық өңдеулер Microsoft Excel және STATISTICA 12 бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Топырақтың тұздануына және агрохимиялық зерттеу жүргізудегі жұмыстың негізгі мақсаты «Азия Агро Групп» АӨК топырақ жамылғысының ағымдағы жағдайын бағалау болып табылады. Жұмыстың негізгі мақсатына жету үшін зерттеу нысаны аумақтарының топырақтарына тұздық түсірілім (1:10000 масштабта) және агрохимиялық зерттеу жүргізілді (сурет 1).

Суармалы егін алқаптарындағы топырақтардың жырту қабатындағы тұздардың жоғарғы концентрациясы қатаң климаттық жағдайларға және басқа да табиғи факторларға, сондай-ақ адам әрекетінен, жерді тиімсіз және дұрыс пайдаланбауына байланысты артады. Топырақта шамадан тыс жинақталған тұз топырақтың сапасына кері әсерін тигізеді және ауылшаруашылығы дақылдарының өсіп-өнуін тежеп, өнімділігін шектейді, себебі өсімдік тамыр аймағында жинақталған тұздарды қоректік зат ретінде қабылдайды [35, 36]. Суармалы топырақтардағы тұздардың жиналуы суару кезеңдерінде судың жеткіліксіз, жерді ұзақ өңдеуінен және аймақта булану көрсеткіші өте жоғары болғандықтан болуы мүмкін. Бірақ тұздардың топырақта біркелкі таралмауы суару суының сапасының әртүрлі болуына байланысты. Суармалы алқапты қамтамасыз ететін судың негізгі көздері Сырдария, Арыс және ішінара Бөген өзендерінің соңғы ағысы болып табылады және олардың су сапасы әртүрлі [37]. Ал зерттеу нысанындағы суармалы

егістіктердің топырақтары оларды пайдаланудың қалыптасқан жүйесіне байланысты өте ерекше. Олардың ерекшелігі, ең алдымен, бүкіл вегетациялық кезеңде жыл сайынғы мерзімді суару және кейіннен шөлді климатта топырақты қарқынды кептіру жағдайында болатын топырақ түзу процесінің ерекшеліктерімен анықталады. Суармалы агроценоздарда топырақ түзілу процесі қабылданған ауыспалы егіс схемасы бойынша суару, кептіру және егістерді ауыстыру маусымдарына сәйкес циклдық сипат алады. Бұл циклдардың бір-біріне қарама-қарсылығы соншалық, топырақта топырақ түзілудің сапалық жағынан мүлдем басқа циклдық режимдері қалыптасады. Әрбір цикл топырақ түзілу жағдайына сәйкес топырақтың құрамы мен қасиеттерінде сәйкес өзгерістерді тудырады. Мұндай жағдайларда топырақтың өзгеру жылдамдығы мен дәрежесі негізінен оның қалай пайдаланылғанына және аумақтың мелиоративтік жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралардың мерзімінің сақталуына байланысты екені сөзсіз. Сондықтан да осы жұмыстарға ұқсас топырақ-мелиоративтік зерттеулерді жүйелі түрде жүргізу топырақ құнарлылығының жай күйін және оның өзгеру процестерінің бағытын бақылаудың таптырмас құралы болып табылады.

Топырақтың құрамындағы әртүрлі тұздар мәдени өсімдіктерге уыттылық дәрежесі бойынша айтарлықтай ерекшеленеді. Осы жағдайды ескере отырып, топырақтың тұздану дәрежесін бағалау Базилевич пен Панкова ұсынған әдіс бойынша улы тұздардың «жалпы әсерінің» мәні бойынша жүргізілді [27]. Бұл әдіс бойынша кез келген ионның уыттылығы Cl эквиваленттерінде көрсетіледі, ал улы емес тұздардың иондары есепке алынбайды. Ол үшін топырақтың су сүзіндісінің құрамы бойынша аналитикалық деректерді пайдалана отырып, есептелген топырақ қабаттары үшін улы тұздардың «жалпы

әсерінің» мәндері есептелді және топырақтар тұздану дәрежесіне қарай топтастырылды.

Топырақтың су сүзіндісінің нәтижелерін статистикалық талдауда (кесте 1) 0-20 см қабатында (топырақтың жырту қабаты) тұздану соммасының мәні 0,05% және 0,70% аралығында өзгереді, өзгеріс коэффициенті 0,88 және SAR мәні 0,2, 3% және 19,71% аралығында өзгереді, максимум көрсеткіші басқа қабаттармен салыстырғанда ең жоғары, ал өзгеріс коэффициенті 1,96. 20-50 см қабатында тұздану соммасының мәні 0,04%-дан 0,53%-ға дейін өзгерді, өзгеріс коэффициенті болса 0,94-ті құрады және SAR мәні 0,40 пен 6,06 аралығында өзгереді, өзгеріс коэффициенті 1,10. 50-100 см қабатында тұздану соммасының мәні 0,05 пен 1,57 аралығында өзгеріп, максимум мәнінің көрсеткіші алғашқы екі қабатта бір-біріне шамалы ұқсас болып келіп, үшінші қабатта ең жоғары мәнге ие болады. Ал SAR мәндерінде топырақтың жырту қабатынан кейінгі 20-50 см қабатындағы мәндерден айтарлықтай айырмашылық жоқ, өзгеріс коэффициенттері де ұқсас болып келеді. Өзгеріс коэффициенті (CV) кездейсоқ шамалардың дисперсия дәрежесін көрсете алады: $CV < 10\%$ әдетте әлсіз өзгергіштікті білдіреді, ал $10\% < CV < 100\%$ орташа өзгергіштікті білдіреді, және $CV > 100\%$ күшті өзгергіштікті білдіреді, мұны екі жағдайдың да күшті вариациясын көрсететінін білдіреді [38]. Біздің жағдайда барлық үш қабаттан алынған топырақ үлгілерінің тұздану соммасы мен SAR мәндерінің айтарлықтай өзгергіштікке ие емес екендігі айқындалды. Стандартты ауытқу мен өзгеріс коэффициентіде барлық қабаттарда бірдей төмен болды, бұл сынама алу нүктелерінің орналасуына байланысты көп айырмашылық жоқ екендігін көрсетеді.

Топырақтың тұздануы дақылдардың өнімділігін төмендетеді, кейде олардың жаппай қурап қалуына әкеледі.

Топырақта жиналатын тұздардың мөлшері (топырақтың тұздану дәрежесі) мен өсімдіктің сол мезеттегі күйі арасында тығыз байланыс бар екені дәлелденді. Топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты дақылдардың тұзға төзімділігі өсу фазасында және өнімінде анық байқалады. Тұзданбаған топырақта топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты өсімдіктердің өсуі мен дамуы жақсы және ішінара сол байқалмайды, қалыпты өнім алады. Ал әлсіз тұзданған топырақтарда өсімдіктердің өсуі аздап бәсеңдеген, өнімділігі 10-20 %-ға дейін төмендеуі байқалды, сонымен қатар орташа тұзданған топырақтарда өсімдіктердің жартысына жуығы солып, өнім-

ділігі 30 %-дан 50 %-ға дейін төмендейді, қатты тұзданған топырақтарда өсімдіктердің өсуі қатты құлдырауға ұшыраған және өнімділігі 50-80 %-ға төмендеген болып келеді. Сорларға келетін болсақ, топырақтағы тұздардың «уыттылық шегінен» асып, бірен-саран ғана өсімдіктер тірі қалған, іс-жүзінде өнімділігі жойылған болады [39]. Тұздардың жоғары концентрациясы топырақтағы осмостық қысымды арттырады және жалпы ландшафттың микробиологиялық белсенділігін төмендетеді. Мұндай ландшафттарда биологиялық қалдықтар баяу ыдырайды және соның салдарынан топырақ түзілу үрдісі өте баяу жүреді [40].

Кесте 1 - Топырақ үлгілерінің 0-20 см, 20-50 см және 50-100 см қабаттары бойынша топырақ тұздылығының орташа мәндері мен статистикасы

Көрсеткіштер	0-20 см		20-50 см		50-100 см	
	Тұздану соммасы	SAR	Тұздану соммасы	SAR	Тұздану соммасы	SAR
Орташа	0.14	1.44	0.15	1.26	0.47	1.46
Минимум	0.05	0.23	0.04	0.40	0.05	0.20
Максимум	0.70	19.71	0.53	6.06	1.57	6.68
Стандартты ауытқу	0.13	2.82	0.14	1.39	0.46	1.77
Өзгеріс коэффициенті (CV)	0.88	1.96	0.94	1.10	0.97	1.21
Асимметрия	2.70	5.53	1.80	2.40	0.91	1.93
Эксцесс	7.83	34.39	2.14	5.38	-0.44	2.80
Үлгі дисперсиясы	0.02	7.97	0.02	1.93	0.21	3.13
Медиана	0.09	0.73	0.09	0.73	0.26	0.67

Топырақта тез еритін тұздардың аккумуляциялануы кезінде ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің қоректену жағдайларының бұзылуы әртүрлі себептерге байланысты болуы мүмкін. Мысалы, топырақ ерітіндісіндегі тұздардың жоғары концентрациясы диссоциация дәрежесін төмендетіп, кейбір элементтердің ерітіндіден бөлініп қосылыс түріндегі шөгіндіге айналуы мүмкін, ал бұл жағдай өсімдіктердің ерітінді күйдегі қоректік элементтерінің шектелуіне алып келеді. Осылайша, сілтілі топырақтарда Ca, Fe және кейбір микроэлементтердің карбонаттарға айналып, ерігіштіктері төмендеуі жатады. Топырақтың

тұздануы кезінде иондардың антагонизмдену құбылысы күрт жоғарылайды. Атап айтқанда, топырақ ерітіндісінде натрий иондарының шамадан тыс жиналуы өсімдіктердің Ca^{2+} , Mg^{2+} , K^{+} және басқа катиондарды сіңіріуіне жол бермейді, ал артық мөлшерде хлордың жинақталуы дақылдардың аниондарды сіңіруіне кері әсер тигізеді. Тұздардың уытты әсері жасушалардың цитоплазмасының зақымдалуымен байланысты, нәтижесінде химиялық элементтердің таңдамалы сіңуі баяу сіңуге ауысады және өсімдік бойына тұздардың қалыптан тыс жоғары жинақталуына әкеліп соғады [41]. Топырақтың тұздану дәре-


жесі әр түрлі болуының басты себебі, топырақтағы тұздардың жалпы мөлшерінің бірдей болғанымен, құрамы әртүрлі болуы мүмкін. Бұл өсімдіктерге әртүрлі тұздар мен иондардың уыттылығының көрсеткіштері мен әсерінің әртүрлілігімен байланысты. Сондықтан сортаң топырақтарды агрономиялық тұрғыдан бағалағанда тұздардың сапалық құрамы ерекше мәнге ие болады. Топырақтың су сүзіндісін талдау мәліметтері арқылы уытты тұздардың мөлшерін анықтау нәтижесінде, топырақтағы тұздардың уыттылық шегі анықталып, топырақтың тұздану типі мен деңгейі анықталады. Уыттылық шегі орташа тұзға төзімді өсімдіктерде өсу мен дамудың тежелуі байқалатын топырақтағы тұздардың шекті мөлшері ретінде анықталады, жеке иондар үшін келесі уыттылық шектері 100 г топыраққа мг-экв-пен төмендегідей көрсеткіштермен бекітілген: CO_3^{2-} - 0,03; HCO_3^- - 0,8; Cl^- - 0,3; SO_4^{2-} - 1,7 [42].

Негізгі еритін иондардың концентрациясы, яғни карбонат (CO_3^{2-}) зерттеу нысандағы суармалы топырақтардың 0-20 см жырту қабатынан алынған жалпы 54 дана үлгінің, 5 данасынан 0,03 мг/экв пен 0,17 мг/экв арасында анықталды, ал қалған 49 дана үлгілер мен 20-50 см және 50-100 см қабаттарынан алынған үлгілердің мәндері 0-ге тең. Бикарбонат (HCO_3^-) топырақтың үш қабатта да медиана сызығы уыттылық шегінен төмен, олар: 0-20 см қабатында 0,48 мг/экв, 20-50 см қабатта 0,44 мг/экв, және 50-100 см қабатта 0,36 мг/экв. Ал ауытқусыз ауқымды қамтитын топырақ үлгілерінің төменгі шегі 0,25, жоғарғы шегі 0,64. 0-20 см қабатында ауытқулар бойынша 1 үлгі және шектен тыс ауытқыған 2 үлгі бар, ал 20-50 см қабатында 1 үлгі шектен тыс ауытқыған. Хлор ионы (Cl^-) 0-20 см қабатында ауытқусыз ауқымның жоғарғы шегі 0,37 мг/экв-пен шектеледі, яғни хлор ионына бекітілген уыттылық шектен шамалы жоғары жә-

не 50-100 см қабаттарында үлгілердің 50 % шоғырланған ортасын көрсететін 25-75 % қорапшасы мен ауытқусыз ауқымның жоғарғы шегі 0,34 мг/экв-ті құрады, ал медиана сызығы үш қабатта да 0,3 мг/экв-тен төмен орналасқан. 0-20 см қабатында ауытқулар саны 3, шектен тыс ауытқулар 3, 20-50 см қабатында 2 ауытқыған және 1 шектен тыс ауытқыған үлгі бар, сондай-ақ 50-100 см қабатында ауытқыған үлгілер саны 1, шектен тыс ауытқыған үлгілер саны 2. Зерттеу аймағындағы суармалы топырақтардағы сульфат (SO_4^{2-}) қарастырып отырған зерттеу қабаттары төмендеген сайын жоғары мәнге ие, медиана сызығы 0-20 см қабатта 0,8 мг/экв, 20-50 см қабатта 0,62 мг/экв және 50-100 см қабатында 3,33 мг/экв. 25-75 % қорапшасының жоғарғы шегі 0-20 см қабатында сульфат үшін бекітілген уыттылық шегінен төмен (1,33), ал 20-50 см қабатында жоғарғы шегі 1,81 мг/экв-ке тең және ең жоғарғы мәнге ие болған 50-100 см қабатта төменгі шегі 0,73 мг/экв болса жоғарғы шегі 12,35 мг/экв. Ауытқуларсыз ауқымның жоғарғы шегі 0-20 см қабатта 2,52 мг/экв, 20-50 см қабатта 3,94 мг/экв және 50-100 см қабатта 22,56 мг/экв. Ауытқулар 0-20 см қабатта 1 үлгі, 20-50 см қабатта 4 үлгі, ал шектен тыс ауытқығандар 0-20 см қабатта ғана 3 үлгі бар. Зерттеу нысанынан қабаттар бойынша алынған топырақ үлгілерінің негізгі еритін иондардың уыттылық шегіне «қорап сызбасы» арқылы талдау жасауда медиана сызығымен салыстырғанда сульфат, топырақтың 50-100 см қабатында уыттылық шегінен жоғары болды, ал карбонат, бикарбонат және хлор аталған үш қабатта, сонымен қатар сульфат жоғарғы 0-20 см және ортаңғы 20-50 см қабатта медиана сызықтары уыттылық шегінен төмен болды (сурет 2). Ауытқуларсыз ауқымның жоғарғы шегін, ауытқулар және шамадан тыс ауытқыған мәнді көрсеткен топырақ үлгілері зерттеу нысанының оңтүстігінде немесе оңтүстік-батысында орналасқан. Далалық

бақылау кезінде алынған топырақ үлгілерін талдау нәтижесінде тұздану дәрежесі бойынша топырақтар-дың әрбір тобының үлесін бағалау мақсатында мәліметтер кестеде жинақталды (2-кесте). Талдау нәтижесіне сәйкес топырақтың жырту қабатында (0-20 см) тұзданбаған топырақтардың үлесі 90,74 %-ды құраса, бұл көрсеткіш 20-50 см қабатта 78,11 %-ға дейін төмендейді, ал ең төменгі 50-100 см қабатта тұзданбаған топырақтың мөлшері жырту қабатына қарағанда шамамен екі есеге дейін төмендеп, 48,15 %-ды құрайды. Әлсіз тұзданған топырақ 0-20 см қабатында 5,56 % болса, 20-50 см және 50-100 см қабаттарында 14,81 %-ды құрап, шамалы өскен. Орташа тұзданған топырақтардың үлесі 0-20 см қабатында 3,70 %-дан 20-50 см қабаттарында 7,41 %-ға өсіп, төменгі қабаты 50-100 см қабатында 14,81 %-ға жетеді. Ал күшті және өте күшті тұзданған топырақтар 0-20 см және 20-50 см қабаттарында пайыздық үлесі 0-ге тең болса, 50-100 см қабаттарында 22,23 %

күшті тұзданған топырақтарға жатады. Сонымен қатар, бұл талдау топырақ үлгілерінің ұқсас, бірдей нүктелерін алынған және біркелкі суару жүйелерімен суару суын тұтынғанның өзінде, егістік алқаптарының әртүрлі жағдайда орналасуы салдарынан тұздылықтың кеңістікте таралуы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар байқалатынын көрсетеді. Алдыңғы зерттеулерде, топырақтың жырту қабатындағы тұздардың көлемінің азаюы, маусымдық кезеңдерге байланысты әлсіз, орташа немесе күшті тұзданған топырақтардың 20-50 см және 50-100 см ұлғаюы, суармалы топырақтардағы тұздардың үздіксіз қозғалыста болатындығы анықталған [43] және бұл жағдай суару кезеңдері мен бастырып суару арасында тығыз байланыс бар екендігін көрсетті [23]. Топырақтағы бірінші және екінші реттік тұзданудың кеңістікте таралу аймағын анықтау ауылшаруашылығы жерлерін тиімді басқаруға сондай-ақ өнімділікті арттыру үшін өте



Сурет 2 - Топырақтағы негізгі еритін ұйтты иондардың максимум, минимум және орташа мәндері үшін қорап сызбасы (барлық мәндер мг/экв)

Кесте 2 -Топырақ үлгілерінің тұздану дәрежесі бойынша жіктелуі пайызбен берілген

№	Тұздану деңгейлері	Тұздану соммасы	Қабаттар		
			0-20 см, (%)	20-50 см, (%)	50-100 см, (%)
1	Тұзданбаған	<0,25	90,74	78,71	48,15
2	Әлсіз тұзданған	0,25-0,5	5,56	14,81	14,81
3	Орташа тұзданған	0,5-1,0	3,70	7,41	14,81
4	Күшті тұзданған	1,0-2,0	0	0	22,23
5	Өте күшті тұзданған	>2,0	0	0	0

Бұл зерттеуде суармалы егін алқаптары топырақтарының тұздану дәрежесі мен және оның кеңістікте таралуын бағалау үшін интерполяцияның IDW (кері қашықтықты өлшеу) және ОК (қарапайым Кригинг) әдістері қолданылды. IDW – іріктеу нүктелерін интерполяциялаудың ең кең таралған әдістерінің бірі болып табылады және интерполяция аймағына ең жақын нүктелермен, сондай-ақ алыста, аз орналасқан нүктелер арасында өзара әсер ететін ілгері болжамға негізделген. Интерполяция ауданы іріктеу нүктелерінің мәніне тікелей байланысты, шашырау нүктелерінің орташа өлшенген шамасы болып табылады және интерполяция нүктесі мен шашырау нүктесі арасындағы қашықтық артқан сайын әрбір шашырау нүктесіне бекітілген салмақ азаяды. Белгісіз нүктелердегі мәндер белгілі нүктелердегі қолжетімді мәндердің орташа өлшенген мәні ретінде бағаланады [44].

IDW және ОК интерполяциясын (сурет 3) топырақ үлгілері алынбаған нүктелер үшін жақсырақ кеңістіктік интерполяция әдісін, біздің зерттеу нысанымыздағы суармалы топырақтың тұздану дәрежесінің таралу үлгісін алу үшін пайдаланылды. Топырақтың су сүзіндісін талдау барысында анықталған тұздану соммасына негізделе отырып, жіктелген тұздылық дәрежесі «Азия Агро Групп» АӨК аумағы топырақтарының жоғарғы метрлік қабатында біршама алуан тұздылығымен ерек


шеленеді жә-не біркелкі таралмаған, оны картографиялық мәліметтерді талдауда IDW және ОК интерполяциясын пайдалана отырып құрастырылған топырақтың тұздану картасынан көруге болады. IDW әдісі арқылы талданған жоғарғы 0-20 см қабаттағы топырақтарда күшті және өте күшті тұзданған топырақ дәрежесінен басқа топырақтың тұздану дәрежесінің барлығы дерлік кездеседі (сурет 3, IDW, 0-20 см). Территорияның бас бөлігі, өзенге жақын орналасқан аумағындағы топырақ тұздарының мөлшері бойынша салыстырмалы түрде қауіпсіз деп айтуға болады. Аумақтың ортаңғы бөлігінің шеткі бөлігі мен оңтүстік жартысы күрделі мелиоративтік жағдайлармен сипатталады, әлсіз және орташа тұзданған топырақтардың едәуір үлкен контурлары бар. Екінші 20-50 см қабаттың топырақтарында да тұздылық дәрежесінің барлығы дерлік болатын контурлар болғанымен, бұл қабат жоғарғы горизонтпен салыстырғанда тұздылығы жағынан аз ала-құла (сурет 3, IDW, 20-50 см). Тұзданған топырақтардың контурлары зерттелетін аумақтың шеткі және соңғы бөліктерінде шоғырланған. Жоғарғы қабаттан айырмашылығы, кішкентай болса да, бірақ орташа тұзданған топырақтардың контурлары бар. Топырақтағы ең төменгі 50-100 см қабатты біршама алуан тұздылықпен сипатталады, өте күшті тұзданған топырақтан басқа күшті, орташа және әлсіз

тұзданған топырақтардың барлығы дерлік дәрежелері бар – тұзданбағаннан жоғары өте күшті тұзданғанға дейін (сурет 3, IDW, 20-50 см).

